

FTAMP 64.33.81

З.Д. Молдагажиева¹ – негізгі автор, | ©
Ж.А. Каипова²



¹PhD, ²Магистрант

ORCID

¹<https://orcid.org/0000-0002-7102-0354> ²<https://orcid.org/0009-0000-5626-0256>



^{1,2}Алматы технологиялық университеті,



Алматы қ., Қазақстан



¹designa1@mail.ru

<https://doi.org/10.55956/MFON6679>

СТЮАРДЕССАЛАРҒА АРНАЛҒАН ФОРМАЛЫҚ КИІМДЕРДІ ӨНДІРУДЕГІ ЭРГНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа. Заманауи авиация индустриясында стюардессалар қызметі маңызды және ерекшеленетін бөлігі болып табылады. Олардың формалық киімдері компанияның имиджі мен брендин танытуда үлкен рөл атқарып қана қоймай сонымен қатар функционалдық және ыңғайлы болуы маңызды. Формалық киімдер стюардессалардың кәсіби бейнесін қалыптастырады, жолаушыларға сенімділік және қызмет көрсету сапасы туралы әсер қалдырады. Қазіргі таңда Қазақстан әуе-компанияларының стюардессаларға ұсынып отырған форма жиынтықтарының 90%-ы классикалық стильде және силуэттері қынамалы болып келеді. Заманауи әуе компаниялары тек классикалық стильді ғана емес, сонымен қатар кэжуал стильді де форма стиліне енгізуде. Бұл мақалада стюардессаларға арналған формалық киім үлгілерінің қазіргі жағдайы, олардың эргономикалық және функционалдық талаптарға сәйкестігі жан жақты талданады. Зерттеу барысында нарықтағы трендтер, тұтынушылардың сұранысы және эргономикалық талаптар талданды. Сонымен қатар, маркетингтік талдау әдістері, соның ішінде Гилберт А. Черчилль әдісі қолданылды. Сауалнама нәтижелері стюардессалар үшін заманауи және функционалды киім үлгілерін әзірлеудің қажеттілігін көрсетті. Костюмдік маталардың серпімділік көреткіші қозғалысты шектеу мәселесін тудыратыны анықталып, шешімі ретінде трикотаж мата негізінде жаңа униформа дизайны ұсынылды. Зерттеу барысында трикотаж матасына зертханалық сараптама жүргізіліп, физика-механикалық көрсеткіштері зерттеліп, нәтижелері арнайы хаттама ретінде рәсімделді. Ұсынылған модель заманауи стильді, ыңғайлы және эргономикалық талаптарына сай келеді.

Тірек сөздер: стюардесса формасы, маркетингтік талдау, эргономика, сән трендтері, қауіпсіздік стандарттары, тұтынушы сұранысы, классикалық стиль, функционалдылық, материал сапасы.



Молдагажиева, З.Д. Стюардессаларға арналған формалық киімдерді өндірудегі эргономикалық көрсеткіштерін зерттеу маңыздылығы [Мәтін] / З.Д. Молдагажиева, Ж.А. Каипова //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №2(88). – Б.224-231. <https://doi.org/10.55956/MFON6679>

Кіріспе. Қазіргі таңда әуе тасымалы нарығы жоғары бәсекеге қабілетті сала болып табылады. Мұнда тек ұшу қауіпсіздігі ғана емес, сонымен қатар жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасы да маңызды рөл атқарады. Осы

тұрғыда стюардессалар авиакомпанияның «бет-бейнесі» ретінде қабылданып, брендтің имиджі мен құндылықтарын танытатын негізгі факторлардың бірі болып саналады [1]. Сол себепті стюардессалардың формалық киімі корпоративтік стильдің және кәсіби қызметтің ажырамас бөлігіне айналады.

Жүргізілген талдау нәтижесі Қазақстандағы әуе компанияларының форманы жеке кәсіпкерлер арқылы тендерлік негізде тіктіруге жүгінетінін көрсетті [2-4]. Алайда форманы сапасы мен эргономикалық тиімділігіне әсер ететін бірінғай стандарттар мен нақты конструкциялық талаптардың болмауы униформаның сапасын төмендетеді. Қолданыстағы формалар көбінесе классикалық стильде, қынамалы силуэтпен дайындалады, бұл өз кезегінде қозғалыс еркіндігін шектеп, қызметтік тиімділікті төмендетеді.

Сондай-ақ, отандық тігін кәсіпорындарында қолданылатын маталардың көпшілігі тығыз костюмдік маталардан тұрады. Мұндай маталар жұмыс барысындағы динамикалық қозғалысты қиындатып, шынтақ, иық, бел тұстарында мыжылу, тозу секілді мәселелер тудырады. Бұған қоса, Қазақстандық нарықта эргономика және гигиена талаптарына сай келетін инновациялық маталардың ұсынысы шектеулі.

Саулнама мен маркетингтік зерттеу нәтижелері форманың қазіргі үлгілеріне қатысты нақты тұтынушылық сын-пікірлерді көрсетті. Респонденттердің 60%-дан астамы Casual стиліндегі, трикотаж мата негізіндегі форманы таңдады. Мұндай стильдегі киімдер ыңғайлы, икемді, жұмсақ, ауа өткізетін қасиетке ие және ұзақ уақыт бойы жайлылықты қамтамасыз етеді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері стюардессалар формасын эргономикалық талаптарын ескере отырып дизайнын және матасын жаңарту қажеттілігін көрсетеді. Униформа заманауи, эргономикалық, функционалдық және эстетикалық талаптарға сай болу тиіс. Бұл өз кезегінде қызмет көрсету сапасына және авиакомпанияның имиджіне оң әсер етеді [5-9].

Бұл мақалада стюардессаларға арналған формалық киімдердің қазіргі жағдайы, олардың конструкциялық ерекшеліктері, материалдық таңдаулары және заманауи эргономикалық талаптарға сай болуы қажеттілігі туралы толық зерттеу ұсынылады. Жұмыс барысында маркетингтік сауалнама, еңбек жағдайы мен киімнің топографиялық тозуы талданып, трикотаж матасының қасиеттері зерттеліп, жаңа модель ұсынысы жасалынды.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеу барысында Гилберт А. Черчилльдің маркетингтік талдау әдісі қолданылды. Сонымен қатар, киімнің топографиялық тозуына бақылау жүргізілді. Әуекомпания стюардессаларына келесі сұрақтар қойылды.

Авиажолдама қызметкерлеріне арналған сауалнама.

Осы сауалнамадағы сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймыз! Сіздің жауаптарыңыз стюардессаларға арналған киімге қойылатын талаптарды дұрыс тұжырымдауға көмектеседі және бұл сіздерге жұмыс кезінде ыңғайлылық пен жайлылықты қамтамасыз етеді. Бір немесе бірнеше сәйкес сұрақтарға жауап беріңіз (1-сурет).

1. Еңбек әрекет кезінде киуге қандай киім ассортименттің ең қолайлы деп санайсыз?

2. Қазіргі формалардың сапасы қанағаттанарлық па?


3. Қаншалықты форма денедегі ауаны шығара алады?

4. Қаншалықты тез тозады?

5. Қолтық ойындысы мен шынтақта қосымша жастықшалар қажетпа?


6. Матаның қандай арнайы қасиеттерін қалайсыздар?

7. Жаңа формаға ұсынысыңыз бар ма?
8. Қолданыстағы форма ыңғайсыздықтары бар ма?
9. Қозғалыс кезінде еркіндікті қамтамасыз ете ма?



Сурет 1. Сауалнаманың нәтижесі

Бұл сауалнама негізінде ең маңызды сұрақтың жауабы ретінде стюардессаларға арналған киім стильдерін көрсетуге болады (2-сурет)



Сурет 2. Стюардессалар таңдаған киім стильдері

Сауалнаманың нәтижесі бойынша, қазіргі таңда әуе жолында қызмет көрсететін стюардессалар 16%-ы классикалық стильдегі киім үлгісін, 11%-ы кэжуалды, оверсайс стильдегі 13%-ы таңдады. Ал классикамен кэжуал қосындысын 60%-ы таңдады. Стюардессалар, артық айтпағанда, әуе компаниясының бет-бейнесі. Сондықтан олардың формасына ерекше көңіл бөлінеді. Кейбір компаниялар классиканы жақсы көреді, қынамалы және жартылай қынамалы силуэттегі жакеттер мен көйлектер, қарындаш силуэтті юбкалар және тұрақты каблук бар аяқ киімді. Алайда стюардессалардың формасын түпнұсқа немесе ұлттық нақышта (кейде екеуі бір мезгілде) жасауға тырысатындар да бар. Бірақ соңғы кездері униформалар заманауи, жаңаша түрде ұсынылып жатыр. Яғни, кейбір компаниялар қызметкерлері ескірген қынамалы силуэтті юбка мен биік өкшелі аяқ киімдердің орнына шалбар киіп, кроссовкамен жүреді. Компаниялар стюардессалардың эргономикалық талаптарын ескере отырып, форманы ыңғайлы етіп ұсынуда.

Сауалнама нәтижесінде стюардессалардың 60%-ы кәжуал стильдегі киімді таңдаған. Себебі, жұмыс барысында қозғалыс көп болғандықтан, классикалық костюмдік маталар қолайсыздық тудырады, жең, бел және қолтық ойындысы тұсында тежеулер байқалады. Респонденттер киімнің шынтақ бүгілу аймағында және басқа да буын айналасында қатты бүктемелер мен мыжылулар пайда болатынын атап өтті. Бұл жағдайлар жұмыс процессінде еркін қозғалуға кедергі келтіріп, жалпы жайлылық деңгейін төмендетеді.

Стюардессалардың еңбек жағдайында физикалық қозғалыстар түрін талдай отырып антропометриялық кемшіліктері анықталды (1-кесте).

Кесте 1.

Стюардессалардың еңбек жағдайында физикалық қозғалыстар түрін талдай отырып костюмдік матаның кемшіліктерін көрсету

Сурет	Кемшілік
	а – Модельде 1 және 2 суреттегі жакеттің бел тұсында және қолтық ойындысында матаның көп қыртыстанғанын көрсетілген
	ә – Модельде 3 және 4 суреттегі жакеттің артқы бел тұсында және жауырын тұсында қыртыстанып матаның созылу қасиетінің аз екендігі көрсетілген
	б – Модельде 5 және 6 суреттегі жакеттің жан тігісі мен жең тігісінің қолтық ойындысына қосылған тұсында тежеу бар екені көрсетілген
	в – Модельде 7 және 8 суреттердегі белдемшелердің алдыңғы бойында қыртыстануы көрсетілген және тізе тұсында қимылды тежейтіні көрсетілген

Стюардессалардың еңбек жағдайында физикалық қозғалыстар түрін талдай отырып классикалық костюмдік маталардың тығыз құрылымы мен серпімділігінің төмендігі стюардессалардың кәсіби міндеттерін орындауда қиындық тудыратындығы анықталды [10,11]. Бұл мәселені шешу мақсатында зерттеу авторы форманы тігу үшін трикотаж матасының құрылымын зерттей отырып, нәтижесінде оңтайлы мата ретінде ұсынды.

Трикотаж материалының серпімділігі мен жұмсақтығы қозғалыс еркіндігін қамтамасыз етіп, ұзақ уақыттық жұмыс барысында жайлылықты арттырады. Сонымен қатар, бұл мата сыртқы келбетін ұзақ сақтап, мыжылуға бейім емес.

Зерттеу аясында екі түрлі трикотаж матасына Трикотаж Джерси (арт. АЛ244) және Трикотаж Джессика (арт. 1276 т. ЦА2542) зертханалық сараптама жүргізіліп, нәтижелері арнайы хаттама ретінде рәсімделді. Талдау «ТЕКС» компаниясының зертханалық базасында жүзеге асырылды (2-кесте).

Зерттеу барысында трикотаж маталарының құрамындағы жіптердің құрылымы, оның ішінде вискоза, полэстер талшықтарының пайыздық мөлшері, току тығыздығы және ауа өткізгіштік қасиеттері анықталды және жоғары көрсеткішті Трикотаж Джерси (арт. АЛ244) матасы көрсетті. Нәтижесінде Трикотаж Джерси (арт. АЛ244) матаның ауа өткізгіштігі, тозуға төзімділігі, серпімділігі және гигиеналық тиімділігі жоғары екені дәлелденді.

Кесте 2

Талдау «ТЕКС» компаниясының зертханалық базасында жасалған физика-механикалық көрсеткіштері мен талдауы. Матаның артикулы Трикотаж Джерси (арт. АЛ244)

№	Көрсеткіш атауы	Норматив (Құжат)	Норма	Нәтиже	Баға
1	Ауа өткізгіштігі, дм ³ /м ² /с	ТР ТС 017/2011	≥ 60	140,46	Жоғары ауа өткізгіштік
2	Жоғарғы бетінің тығыздығы, г/м ²	ГОСТ 3811-72	Арнайы норма жоқ	403	Қалың трикотаж
3	Жыртылу жүктемесі, Н	ГОСТ 8847-85	≥ 80	277	Жоғары беріктік
4	Төменгі бетінің тығыздығы, г/м ²	ГОСТ 8845-87	Арнайы норма жоқ	170	Екі жақты құрылым
5	Тозуға төзімділік, цикл	ГОСТ 12739-85	61–120	85	Орташа тозуға төзімділік

Осылайша, Трикотаж Джерси (арт. АЛ244) материалы заманауи стюардессалар формасына арналған ең тиімді шешім ретінде ұсынылды, себебі ол эргономикалық, эстетикалық және ұзақ мерзімді талаптарға толық сәйкес келеді.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Зерттеу нәтижесінде стюардессаларға арналған униформаның жаңартылған үлгісі ұсынылды. Жұмыс барысында анықталған негізгі мәселе – костюмдік маталардың қозғалысты шектеуі және қолайсыздық тудыруы болды. Осыған байланысты, зерттеуші стюардессалар формасының материалы ретінде трикотаж матасын таңдады. Бұл мата серпімділігімен, ауа өткізгіштігімен және мыжылуға

төзімділігімен ерекшеленеді, сондықтан ол белсенді қозғалысты талап ететін әуе қызметкерлерінің жұмыс шарттарына толық сай келеді.

Жүргізілген талдау негізінде жаңа дизайн эскизі дайындалып, ол мақалада ұсынылды (3-сурет). Жаңа үлгіде кәжуал және классикалық стиль элементтері үйлестірілген. Дизайнында бел сызығын реттеуге мүмкіндік беретін кулистка, қозғалысқа кедергі келтірмейтін кеңейтілген силуэт, функционалды қалталар және әртүрлі климаттық жағдайларға қолайлы жең үлгісі қарастырылды.



Сурет 2. Ұсынылған жаңа дизайн үлгісі

Ұсынылған форма дизайны эстетикалық тартымдылықпен қатар, кәсіби талаптарға және эргономикалық стандарттарға сәйкес келеді. Осылайша, бұл дизайн стюардессалар үшін заманауи, ыңғайлы әрі имидждік киім үлгісін қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде стюардессалар формасына қойылатын заманауи талаптар кешенді түрде қарастырылып, негізгі мәселелер айқындалды. Қызмет барысында қозғалыстын шектелуі мен киімнің эргономикалық сәйкессіздігі – формалық киім сапасының негізгі проблемалары ретінде танылды.

Костюмдік маталардың қолайсыздығы, олардың буын аймақтарында жиі мыжылып, форманың сыртқы көрінісіне және жұмыс тиімділігіне кері әсер етуі зерттеу барысында дәлелденді. Осы мәселелерді шешу мақсатында трикотаж матасы негізінде жетілдірілген форма дизайны ұсынылды. Жаңа модель стюардессалар жұмысының ерекшеліктерін ескере отырып, қозғалыс еркіндігін, ұзақ уақыттық жайлылық және кәсіби имиджді үйлестіретін дизайнмен сипатталады. Эскиздік нұсқада кеңейтілген силуэт, практикалық элементтер және икемді конструкциялық шешімдер көрініс тапты.

Бұл жұмыс отандық тігін өндірісі және әуе компанияларына заманауи талаптарға сай униформа дайындауда ғылыми және практикалық элементтер

негіз бола алады. Ұсынылған шешімдер стюардессалар үшін жұмыс процесін барынша тиімді әрі жайлы етуге бағытталған.

Әдебиеттер тізімі

1. Десять малоизвестных фактов о современной униформе бортпроводников [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://premiumtravel.kz/content/desyat-maloizvestnyh-faktov-o-sovremennoy-uniforme-bortprovodnikov>.
2. Bespokela. Униформа [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://bespokela.kz/uniform>.
3. Орленко, Л.В. Конфекционирование материалов для одежды [Текст]: учебное пособие / Л.В. Орленко, Н.И. Гаврилова. – М.: Форум, 2016. – 134 с.
4. Азгальдов, Г.Г. Количественная оценка качества (Квалиметрия) [Текст]: библиография / Г.Г. Азгальдов, Л.А. Азгальдова. – [?].
5. Азгальдов, Г.Г. Теория и практика оценки качества товаров (основы квалиметрии) [Текст] / Г.Г. Азгальдов. – М.: Экономика, 2018.
6. Кирюхин, С.М. Контроль и управление качеством текстильных материалов [Текст] / С.М. Кирюхин, А.Н. Соловьев. – М.: Легкая индустрия, 2014. – 312 с.
7. Как менялась форма стюардесс с 1930-х до 2021 года [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://kz.kursiv.media/2021-08-15/kak-menyalas-forma-styuardess-s-1930-kh-do-2021goda/>.
8. Ткани для форменной одежды [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://spectkan.by/tkani-dlja-formenoi-odezhdy.html>.
9. 5 модных брендов, разработавших форму для авиакомпаний [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://vogue.ua/ru/article/fashion/brend/5-modnyh-brendov-razrabotavshih-form-dlyaaviakompaniy-45346.html>.
10. О форме бортпроводников [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://vk.com/@rossiya_airlines-o-forme-bortprovodnikov.
11. Лебедев, В.В. Пути развития текстильной и легкой промышленности [Текст] / В.В. Лебедев, Л.Н. Фомченкова, И.А. Шамис // [?]. – 2014.

Материал редакцияға 17.04.25 түсті, 06.06.25 қабылданды.

З.Д. Молдагажиева¹, Ж.А. Каипова¹

¹Алматинский технологический университет, г. Алматы, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ И ЗНАЧЕНИЕ МАРКЕТИНГОВОГО АНАЛИЗА ПРИ ПРОИЗВОДСТВЕ УНИФОРМЫ ДЛЯ СТЮАРДЕСС

Аннотация. В современной авиационной отрасли бортпроводники играют важную и выдающуюся роль. Их униформа не только функциональна, но и играет большую роль в продвижении имиджа и бренда компании. Униформа создает профессиональный имидж бортпроводников, создавая у пассажиров впечатление надежности и качества обслуживания. В статье проводится комплексный анализ текущего состояния форменной одежды для стюардесс с точки зрения эргономики и функциональности. В ходе исследования был проведен опрос, выявлены основные проблемы действующих модели в том числе ограничение подвижности костюмных тканей. В качестве решения предложен новый эскиз униформы на основе трикотажного материала, обеспечивающего комфорт и свободу движений. Представленная модель сочетает современный стиль, удобство и профессиональные требования.

Ключевые слова: форма стюардесс, маркетинговый анализ, эргономика, модные тенденции, стандарты безопасности, потребительский спрос, классический стиль, функциональность, качество материалов.

Z.D. Moldagazhieva¹, Zh.A. Kaipova¹

¹Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

RESEARCH AND IMPORTANCE OF MARKETING ANALYSIS IN PRODUCTION OF UNIFORMS FOR STEWARDESSES

Abstract. In aviation industry, flight attendants play an important and prominent role. Their uniform is not only functional, but also plays a major role in promoting the company's image and brand. The uniform creates a professional image of flight attendants, giving passengers the impression of reliability and quality service. Thus, marketing analysis in the production of flight attendant uniforms is not only an assessment of the design and quality of the product, but also a comprehensive process based on the study of market needs, trends and competitive conditions. This study examines the importance of marketing analysis in the production of uniforms for flight attendants. Modern airlines are seeking not only classic styles but also clothing models that meet comfort and ergonomic requirements. The research analyzed market trends, consumer demands, and safety standards. Additionally, marketing analysis methods, including the Gilbert A. Churchill approach, were applied. Survey results highlighted the need to develop modern and functional uniform designs for flight attendants.

Keywords: flight attendant uniform, marketing analysis, ergonomics, fashion trends, safety standards, consumer demand, classic style, functionality, material quality.

References

1. Ten Little-Known Facts About Modern Flight Attendant Uniforms [Electronic resource]. – Access mode: <https://premiumtravel.kz/content/desyat-maloizvestnyh-faktov-o-sovremennoy-uniforme-bortprovodnikov>. [in Russian].
2. Bepokela. Uniform [Electronic resource]. – Access mode: <https://bepokela.kz/uniform>. [in Russian].
3. Orlenko L.V., Gavrilova N.I. Konfeksionirovanie materialov dlya odezhdy [Garment Material Processing]: textbook. – Moscow: Forum, 2016. – 134 p. [in Russian].
4. Azgaldov G.G., Azgaldova L.A. Kolichestvennaya otsenka kachestva (Kvalimetriya) [Quantitative Quality Assessment (Qualimetry)]: bibliografiya Azgaldov, G.G. Количественная оценка качества (Квалиметрия) bibliography. – [?]. [in Russian].
5. Azgaldov G. G. Teoriya i praktika otsenki kachestva tovarov (osnovy kvalimetrii) [Theory and Practice of Product Quality Assessment (Fundamentals of Qualimetry)]. – Moscow: Economy, 2018. [in Russian].
6. Kiryukhin S. M., Solovyev A. N. Kontrol' i upravlenie kachestvom tekstil'nykh materialov [Quality Control and Management of Textile Materials]. – Moscow: Light Industry, 2014. – 312 c. [in Russian].
7. How Flight Attendants' Uniforms Have Changed from the 1930s to 2021 [Electronic resource]. – Access mode: <https://kz.kursiv.media/2021-08-15/kak-menyalas-forma-styuardess-s-1930-kh-do-2021goda/>. [in Russian].
8. Fabrics for Uniform Clothing [Electronic resource]. – Access mode: <https://spectkan.by/tkani-dlja-formenoi-odezhdy.html>. [in Russian].
9. 5 Fashion Brands That Designed Uniforms for Airlines [Electronic resource]. – Access mode: <https://vogue.ua/ru/article/fashion/brend/5-modnyh-brendov-razrabotavshih-form-dlyaaviakompaniy-45346.html>. [in Russian].
10. About the Flight Attendant Uniform [Electronic resource]. – Access mode: https://vk.com/@rossiya_airlines-o-forme-bortprovodnikov. [in Russian].
11. Lebedev V. V., Fomchenkova L. N., Shamis I. A. Puti razvitiya tekstil'noy i legkoy promyshlennosti [Development Paths of Textile and Light Industry] // [?]. – 2014. [in Russian].